



фотода ӘСЕЛ БАЙЖҰМАН ҚЫЗЫ АИШАМЕН

«ҰМЫТЫЛҒАН» ЭМБРИОНДАРДЫҢ АТА-АНАСЫН ІЗДЕЙМІЗ **БЕТ. 4**
КЕҢСЕЛІК ГИСТЕРОСКОПИЯ ТУРАЛЫ БІЛГІҢІЗ КЕЛГЕН БАРЛЫҚ АҚПАРАТ **БЕТ. 8**
МЕРЕЙТОЙЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ТАМАРА МҰФТАХҚЫЗЫ! **БЕТ. 11**
ENDO DUBAI 2024: IRM CLINIC ҚҰРМЕТТІ 3-ОРЫНДЫ АЛДЫ **БЕТ. 12**
«МЕНИҢ АЙДАН АНЫҚ БІЛЕТІНІМ: МҰМКІН ЕМЕС НӘРСЕ ЖОҚ!» **БЕТ. 15**

Приглашаем женщин принять участие в программе:
“СУРРОГАТНОЕ МАТЕРИНСТВО И ДОНОРСТВО ООЦИТОВ”,
а так же мужчин в программе:
“ДОНОРСТВО СПЕРМЫ”

ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ ООЦИТОВ:

- ✓ отсутствие выраженных фенотипических проявлений;
- ✓ удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключение медицинской организации



ТРЕБОВАНИЯ СУРРОГАТНЫМ МАМАМ:

- ✓ возраст от 20 до 35 лет;
- ✓ наличие собственного здорового ребенка;
- ✓ отсутствие психических/соматических генетических заболеваний;
- ✓ удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключение медицинской организации





ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ СПЕРМЫ:


- ✓ возраст от 18 до 35 лет;
- ✓ отсутствие отклонений в нормальных органомерических и фенотипических признаках;
- ✓ удовлетворительное физическое, психологическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации.



Дополнительную информацию можно получить по телефонам:

050012 Алматы,
ул. Толе би, 99
 irm.almaty

050012 Алматы,
ул. Кабанбай батыра, 226
 irm.kabanbai

160016 Шымкент,
ул. Еримбетова, 302
 irm.shymkent

тел.: +7 727 234 34 34

моб.: +7 771 934 34 34 (WhatsApp)

 www.irm.kz



irm.kz

Құрметті оқырмандар! Сіздермен IRM Info бетінде қауышқанымызға қуаныштымыз!

Журналымыздың әрбір нөмірі – ерекше, ал осы көктемгі 41-ші нөмір – мерейтойлық! Он жыл бұрын пациенттерімізге IRM Clinic қызметі туралы ақпарат беріп, ештеңеге қарамастан ана атанған, алған беттерінен таймаған әйелдердің оқиғасын айтып беру үшін корпоративтік басылым шығару туралы шешім қабылдаған болатынбыз. Бұл оқиғалар бала сүюді аңсап жүрген әрқайсысыңды шабыттандырып, ынталандырады деген үміттеміз.

Тәжірибеміз көрсеткендей, тіпті ең қиын жағдайлардың өзі таңқаларлық жолмен шешіліп кетеді. Бұған дәлел, мысалы, қатерлі ісік ауруынан аман қалып, бірақ соған қарамастан ана атанған осы нөмір қонағының әңгімесі.

Наурыз – табиғаттың, әйел дүниесінің гүлденетін ұлы кезі, ұрпақсыз мыңдаған қазақстандықтың аңсаған армандарына жететін уақыты. Бүгінгі таңда IRM Clinic-де 75 334 эмбрион сақталады, олардың ішінде шамамен 11 193 талап етілмеген. Әр түрлі себептермен біз оларды көптеген жылдар бойы сақтап келеміз және біз «ұмыт болған» эмбриондардың ата-аналарын тумаған балаларына оралуға немесе оларды ата-ана бола алмайтындарға тегін қалдыруға шақырамыз.

Баршаңызды көктемнің, жаңарудың, бейбітшілік пен жасампаздықтың мерекелері – Халықаралық әйелдер күнімен және Наурызбен шын жүректен құттықтаймын.

Қазақстандық әр отбасына шын жүректен зор денсаулық, сыйластық, түсіністік пен амандық тілеймін! Мереке жақсылық әкелсін, ал бақыт құсы әр үйге перзент сүйдірсін! Біздің басты міндетіміз – баласыз ерлі-зайыптыларға ана мен әке бақытына кенелуге көмектесу.



Құрметпен және ең ізгі тілектермен,

Тамара Мұфтахқызы Жүсібалиева,
IRM Clinic директоры,
жоғары санатты акушер-гинеколог
дәрігер, мед. ғыл. кандидаты,
ДДҰ-ның репродуктивтік
денсаулық жөніндегі сарапшысы

БАС РЕДАКТОР

Тамара Жүсібалиева,
IRM Clinic директоры

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР

Евгения Скалей

ДИЗАЙН, БЕТТЕУ

Кравцева Оксана

МЕНШІК ИЕСІ:

IRM Clinic мекемесі

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Алматы, Төле би к-сі, 99

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Индира Абдикалыкова
(a.indira@irm.kz)
www.irm.kz
Алматы Моторс Холдинг
баспаханасында басылған
ҚР, Алматы қ.,
көр. Самал 1 үй 9а, кеңсе 310
Тел.: +7 701 755 00 51
Таралымы – 1 000 дана

Мерзімдік басылымды есепке қою туралы №14607-Г күәлігі 31.10.14 ж. ҚР байланыс және ақпарат агенттігімен берілген.

Редакция авторлардың ойын арқашанда қолдай бермейді. Жарнаманың мазмұны үшін жарнама берушілер жауапты. Жарнама берушілер ҚР ДМ тіркелмеген, рұқсат етілмеген дәрілік құралдардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың жарнамасы үшін жауапкершілік туралы ескертілген. Материалдарды қайта басып шығарғанда “IRM INFO” сілтеме жасау міндетті.



«Ұмытылған» эмбриондардың ата-анасын іздейміз

IRM Clinic-де ондаған мың эмбрион ұзақ уақыт бойы талап етілмей қалады – ата-аналары балалы болуға асықпайды, бәлкім, оның қажеті болмай қалған да шығар.

Осыған байланысты ықтималды ата-аналар эмбриондарын сақтауға жүйелі түрде ақы төлеп отырып сақтай алады, содан кейін оларды өздеріне немесе суррогат анаға сала алады немесе кәдеге жарата (жоя) алады немесе өз жасушаларын бедеу жұптарға анонимді және ақысыз түрде РМИ-ге сыйға бере алады, ол өз кезегінде бұл эмбриондарды бедеу жұптарға немесе мұқтаж жалғызбасты әйелдерге тура солай анонимді және ақысыз түрде бере алар еді. Шындап келгенде, криоконсервациядағы эмбриондар – ата-аналары алып кетуге әлі «келмеген» балалар.

Репродуктолог дәрігер, IRM Clinic гинеколог-хирургі **Рүстем Әшірқариұлы Жолдасов** РМИ INFO-ға IRM Clinic-де «ұмыт болған» қанша эмбрион сақталатынын, сақталу жағдайлары қандай екенін, криомұздату кімге көрсетілгенін және әлеуетті ата-аналардың өз эмбриондарына қандай себеппен оралмайтынын айтып берді.

- РҮСТЕМ ӘШІРҚАРИҰЛЫ, КРИОМҰЗДАТУ ПРОЦЕСІ ЖАЙЛЫ АЙТЫП БЕРІҢІЗШІ.

- Пункция жасағаннан кейін тура сол күні әйелден аналық жасуша алынып, ер адам болса шәуетін өткізеді, сөйтіп түтікшеде аналық жасуша сперматозоидтармен ұрықтандырылады. Егер аналық жасуша ұрықтанса, онда пайда болған эмбриондар бес күн бойы өседі, сосын эмбриолог дәрігер оның сапасын бағалайды. Сапасы жақсы эмбриондар жатырға салынады, оларды хромосомалық ауруларға тексереді, болашаққа мұздатуға жібереді.

Жасушалар витрификациялау әдісімен мұздатылады, бұл эмбриондарды мұздату және кейіннен мұздан еріту кезінде сапасына ең аз әсер етеді.

Витрификациялау – эмбриондарды мұздату әдісі, оның нәтижесінде эмбрион бірнеше ондаған жыл бойы сақтала алады. Мұздан еріткеннен кейін эмбриондардың сапасы өзгермейді.

- КРИОКОНСЕРВАЦИЯ КІМГЕ ҰСЫНЫЛАДЫ?

Бұл технология ЭКО бағдарламасынан өткен барлық ерлі-зайыптыларға ұсынылады. Өйткені, әйелдердің овариалды қоры шектеулі және үнемі төмендей береді. Нәтижесінде, 40 жасқа қарай (көп жағдайда) әйел ағзасының шығаратын ұрықтануға қабілетті аналық жасушаларының сапасы жас кезіндегідей жоғары болмайды, содан табиғи жолмен құрсақ көтеру мүмкін болмайды немесе өте қиындайды. Сонымен қатар, көптеген әйелдер репродуктология тұрғысынан анағұрлым өнімді өмір кезеңінде (18 жастан 35 жасқа дейін) жүктілікті кейінге қалдырып, жеке өмір мен мансап құрғанды жөн көреді.

Ересек жаста бақытты ана болу мүмкіндігіне ие болу үшін олардың аналық жасушалары алдын-ала алынады, жұбайының немесе донордың ұрығымен ұрықтандырылады, содан кейін алынған эмбриондар криоконсервацияланады да, болашақ ана бала тууға бел буғанша күтеді.

Эмбриондарды мұздату денеден тыс ұрықтандыру кезінде де кеңінен қолданылады. Стандартты ЭКО хаттамасы 1 етеккір циклінде ооциттердің көп мөлшерін алу үшін әйелдің аналық бездерін ынталандыруды қарастырады. Бұл бірінші әрекет сәтсіз болғанда, қайтадан ұрықтандыру жасағанда биоматериалды қолдану үшін жасалады. Сондай-ақ, әйел ЭКО көмегімен қайтадан жүктілік жоспарлағанда осы әдісті қолдана алады. Бұндайд оған аналық безді ынталандырудың қиын процедурасынан тағы да өтудің қажеті жоқ, өйткені оның қорында сау криоконсервацияланған эмбриондар саны жеткілікті.

Көшіріп салу жүкті болуға кепілдік бере бермейді. Бірнеше рет көшіріп салса да, жүктілік болмаған жағдайлар бар. Ал егер эмбриондар сақталып тұрса, онда ЭКО-ны қайтадан өтудің қажеті жоқ. Оларды тура солай қолдана берсе болады, ал бала көтеріп, туып алып, 1,5-2 жылдан кейін келесі бөпесіне келіп жатқандардың мысалы көп. ЭКО бағдарламасын қайта өтудің қажеті жоқ, қаржылық жағынан да бұл әлдеқайда арзанға түседі.

- ҚАЙ ЖАҒДАЙДА КРИОМҰЗДАТУ МҮМКІН ЕМЕС?

- Егер эмбриондардың сапасы нашар болса немесе дамуы тоқтап қалса, мүмкін болмайды. Сапасы төмен нашар эмбриондар мұздатылмайды.

**- ЭМБРИОНДАРДЫ ҚАНША
УАҚЫТ САҚТАУҒА БОЛАДЫ?**

- Өте ұзақ, теориялық тұрғыдан – шексіз. Криоконсервациялау эмбриондардың сапасына іс жүзінде әсер етпейді. Сирек жағдайларда мұздан еріткеннен кейін сапасы шамалы төмендеуі мүмкін. Бірақ негізінен әсер етпейді. Көптеген пациенттер біле бермейтін белгілі факт: егер жаңа циклде салу тиімділігін салыстыратын болсақ, онда мұздан еріту мен көшіріп салу жаңа циклде салғаннан гөрі жүктіліктің басталуы тұрғысынан тиімдірек болады. Әрине, шамалы түрде, бірақ сәл болса да тиімдірек. Демек, бұл криоконсервациялаудың эмбриондар сапасына әсер етпейтінін көрсетеді.

**- IRM CLINIC-ДЕ ЭМБРИОНДАРДЫ
САҚТАУ ҚҰНЫ ҚАНША?**

- Сақтау құны – айына 3000 теңге. Қашықтықтан төлеп, қажетті уақытқа сақтап қоюға болады.

**- ПАЦИЕНТТЕРДІҢ ӨЗ ЭМБРИОНДАРЫНА
ОРАЛМАУЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ ҚАНДАЙ?**

- Шындап келгенде, себептері өте көп. Арасында эмбриондардың сақталып тұрғанын білмедік деп айтқан адамдар да келген болатын, бірақ ондайлар көп емес. Негізгі себеп – эмбриондардың енді қажет еместігі, өйткені олар бала туып алған. Екінші себеп – ажырасу немесе ерлі-зайыптылардың эмбриондарына оралуына жол бермейтін басқа да өмірлік жағдайлар.

**- ПАЙДАЛАНЫЛМАҒАН ЭМБРИОНДАРДЫ КІМДЕР
АЛА АЛАДЫ?**

- Пайдаланылмаған эмбриондарды ерлі-зайыптылар немесе жалғыз басты әйелдер ала алады. Осындай эмбрионды мұздан еріту және көшіріп салу құны

155 000 теңге тұрады. Мұндай эмбрионға кезек шамамен бір жылды құрайды, өйткені өз жасушаларын ала алмайтын бедеу жұптар мен әйелдер өте көп. Бұл ретте, өз эмбрионын бергісі келетін ерлі-зайыптылар өте аз. Кезекте тұрып алынатын донорлық эмбрионды біздің клиника анонимді және ақысыз түрде алады. Эмбрионды бергенде, ата-анасы жайында ешқандай мәлімет бермейміз. Біз көрсететін жалғыз нәрсе – ұлты, қалған ақпарат құпия.

Пайдаланылмаған эмбриондарға ЭКО-дан бірнеше рет өткен және өз жыныс жасушаларынан сапалы эмбрион алуға үмітін үзген пациенттер жүгінеді. Сондай-ақ әркімнің ЭКО жасауға қаржылық мүмкіндіктері бола бермейді.

**- ЭМБРИОНДАРДЫ КІМДЕР
АЛА АЛМАЙДЫ?**

- Денсаулығына байланысты күрделі проблемалары бар жалғыз басты ерлер мен түсік түсіру қаупі жоғары әйелдер.

**- IRM CLINIC-ДЕ БАРЛЫҒЫ ҚАНША ЭМБРИОН САҚТАЛАДЫ? ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ ҚАНШАСЫ
ТАЛАП ЕТІЛМЕГЕН?**

**- РМИ КЛИНИКАСЫНДА БАРЛЫҒЫ
75334 ЭМБРИОН САҚТАЛАДЫ**

**СОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ ШАМАМЕН
11193 ТАЛАП ЕТІЛМЕГЕН**



**- IRM CLINIC-ДЕ, ӘСІРЕСЕ, ЖАЛПЫ ӘЛЕМДЕ
ПАЙДАЛАНЫЛМАҒАН ЭМБРИОНДАРДЫҢ
ПРОБЛЕМАЛАРЫ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?**

- Пайдаланылмаған эмбриондардың проблемасы – бүкіл әлемдегі проблема. Донорлық эмбрион бағдарламалары көптеген елде – АҚШ, Аустралия, кейбір Еуропа мемлекеттерінде бар. Кейбір елдерде эмбриондарды 10 жылдан астам уақыт сақтауға тыйым салынады.

АҚШ-та криоконсервацияланған «Снежинка» эмбриондарын «асырап алу» бойынша жалпыұлттық бағдарлама (Snowflakes® Embryo Adoption бағдарламасы) бұрыннан бар.

Талап етілмеген эмбриондар бала туғысы келетін, бірақ ол үшін өзінің биологиялық материалы жоқтарға беріледі. Жоба ауқымды, оны келесі сандарға қарап бағалауға болады: АҚШ ЭКО-клиникаларында 2013 жылдың өзінде 600 мыңнан астам мұздатылған эмбрион сақталған; онымен қоса, жүздеген мың бедеу жұп биоматериалдың болмауына немесе сапасының жеткіліксіз болғанына байланысты ата-ана бола алмай жүр.

Қазақстанда овуляцияны ынталандыруды айналып өтіп, эмбриондарды «асырап алуға» болады. Біріншіден, бұл әлдеқайда арзан, екіншіден, әйел гормондық терапиядан өтпейді.

Негізгі шешім – минималды жұмсақ ынталандыру арқылы эмбриондардың шектеулі санын алу. Осындайды, мысалы, Жапонияда жасайды. Алайда, бұл жағдайдың белгілі бір қиындығы бар, өйткені бұл математика емес және эмбриондардың қаншалықты сапалы болатынын алдын-ала болжау мүмкін емес.

Оған қоса, әйелдің көптен күткен жүктілікке қол жеткізетініне кепілдік жоқ; бірнеше аналық жасуша болса да, тек бір жақсы эмбрион алуға болады, сондықтан қор болғаны дұрыс.

Сол себептен біз ынталандыруды тым көп эмбрион шықпайтындай етіп жасауға тырысамыз, мысалы, егер әйелдің қоры жоғары болып, бірақ сәтсіздік орын алған жағдайда, келесі эмбрионды мұздан ерітуге және салуға мүмкіндік болатын минималды қор болуы керек.

IRM Clinic-де эмбриондарды криоконсервациялау барлық медициналық стандарттарға сай қатаң ережелерге сәйкес жүргізіледі. Бұл эмбриондар өміршеңдігінің жоғары процентін қамтамасыз етеді де, жүктіліктің сәтті басталу мүмкіндігін арттырады, соның ішінде ересек жаста немесе ауыр репродуктивтік патологиялар болған кезде.



**Кеңселік
гистероскопия
туралы білгіңіз
келген барлық
ақпарат**

IRM Clinic-шы Қазақстан мен шетелдерде бедеулікті емдеу саласындағы тұңғыш жол салушы деп атайды.

IRM Clinic репродуктивтік технологияларға, дәл диагностикаға, аз инвазивті тексерулерге көп көңіл бөле отырып, заманауи инновацияларды ұстанады.

Мысалы, оптикалық құралмен, видеокамерамен және басқа да арнайы құралдармен диагностика жасау мен емдеудің эндоскопиялық әдісі бедеуліктің себептерін анықтаудың аса тиімді әдістерінің бірі болып саналады. Гистероскопия дәл, нысаналы түрде жұмыс істеуге, пациенттің сау тіндерін барынша сақтауға мүмкіндік береді.

Акушер-гинеколог дәрігер, IRM Clinic хирургі **Кәрімжанов Ислам Нематжанович** РМИ INFO-ға кеңселік гистероскопия (наркозсыз гистероскопия), оның артықшылықтары мен ерекшеліктері туралы айтып берді.

- ГИСТЕРОСКОПИЯ ДЕГЕН НЕ, НЕ ҮШІН АРНАЛҒАН ЖӘНЕ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЖАСАЛАДЫ?

ГИСТЕРОСКОПИЯ — жіңішке оптикалық құралдың көмегімен жатыр қуысын және цервикалды түтікті тексеру. Қынап арқылы және одан әрі цервикалды түтік арқылы жатыр қуысына гистероскоп енгізіледі, бұл тексеруге, биопсияға, сондай-ақ қажетті хирургиялық араласуға мүмкіндік береді (полиптерді алып тастау, жабысып қалған жерлерді бөлу және басқасы).

Мұндай тексеру жүргізуге көрсетім өте көп. Бұл етеккір циклінің бұзылуы, ЭКО-ның сәтсіз әрекеттері, жатырдың дамуындағы ауытқулар, эндометрийдің гиперпластикалық процестері, ациклдік қан кету, генезі анықталмаған бедеулік, бөгде заттарды алып тастау және тағы көптеген басқасы.

Гистероскопия УДЗ және КТ сияқты тексеруден өзгеше, өйткені алғашқы тексеру әдісінде хирург жатыр қуысын іштен «тірідей» көреді. Бұл жатырдың әртүрлі патологияларын, соның ішінде ультрадыбыстық және басқа әдістерді қолданып анықтауға болмайтын диагностиканың ақпараттық, аз инвазивті әдісі.

- БҰЛ ТЕКСЕРУГЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ЕРЕКШЕ ӘДІСПЕН ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК ПЕ?

- Әрине, бұл процедураға қажетті талдаулар тізімі бар. Алдымен хирургтан консультация алу керек, ол операция күнін таңдап, осы күнге қажетті талдауларды тағайындап береді. Операция жасалатын күні аш қарынға келу керек.

- БҰЛ ПРОЦЕДУРА АУЫРТА МА?

- Бұл процедура ауыртпайды және жарақаттамайды: кеңселік гистероскоптың диаметрі өте жіңішке, ол цервикалды түтікке кеңейтусіз және наркозсыз оңай өтіп кетеді. Егер әйел қатты мазасызданып, қорқатын болса, премедикация (седация) жасайды, яғни, тура тексеру алдында тыныштандыратын дәрі тағайындайды.

Әдетте әйелдер шамалы қысым сезімін байқайды. Жалпы процедура айтарлықтай қарапайым, қатты дайындықты, наркозды, ауруханаға жатуды талап етпейді.

- Гистероскопияны циклдің белгілі бір күнінде жасау керек пе?

- Бәрі де гистероскопияны тағайындау себебіне байланысты. Көп жағдайда бұл процедураны етеккір циклінің бірінші фазасында жасаған дұрыс.

- ГИСТЕРОСКОПИЯДАН КЕЙІНГІ ҰСЫНЫСТАР.

- Осының бәрі хирургиялық араласуға байланысты. Әдетте екі күн бойы жыныстық қатынасқа түспеуге кеңес береміз, кейде бактерияға қарсы және қабынуға қарсы препараттарды қолдану қажет болады.

Гистероскопия – жұмыс істеу қабілетін төмендетпейтін аз инвазивті араласу. Одан кейін бірден әйел үйіне қайтарылады, бірақ бірнеше күн бойы дәрігер ұсынған шектеулерді сақтағаны дұрыс:

- ауыр көтермеу, физикалық жүктемелерді шектеу;
- 3-5 күн бойы жыныстық қатынасқа түспеу;
- гигиеналық тампондарды қолданбау және қынап ішіне су бүркіп жумау;
- бассейнге, саунаға және спортзалға 2-3 апта бармау.

Дәрігеріңіз міндетті түрде анағұрлым толық ұсынымдар береді, олар араласудың күрделілігіне және жеке ерекшеліктерге байланысты болады.

- ОСЫ ПРОЦЕДУРАНЫ ҚАНДАЙ ПАЦИЕНТТЕРГЕ НАРКОЗСЫЗ ЖАСАУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ?

- Көп жағдайда кеңселік гистероскопия наркозсыз жасалады. Анестезия болжамды хирургиялық араласу күрделілігіне қарай қажет болуы мүмкін. Сонымен қатар, пациенттің денсаулығының жалпы жағдайы, созылмалы ауруларының бар-жоғы, ауырсыну шегі ескеріледі – осының бәрі дәрігердің наркоз жасау керек пе, жоқ па деген шешіміне әсер етуі мүмкін.

- ТЕКСЕРУ ҚАНША УАҚЫТҚА СОЗЫЛАДЫ?

- Гистероскопия көп уақыт алмайды және максимум 10-15 минутқа созылады. Егер бұл тексеру наркозсыз жасалатын болса, онда жарты сағаттан кейін үйге қайтуға болады. Егер наркоз қолданылған болса, онда біз пациентті үйге 2-3 сағаттан кейін жібереміз, бұндайда стационарда жатудың қажеті жоқ.

- ПРОЦЕДУРА БАРЫСЫНДА НЕ АНЫҚТАЛУЫ МҮМКІН?

- Дамудың ауытқуы, гиперпластикалық және онкологиялық процестер, жатырдың бедеулік факторын анықтауға болады. Гистероскопия, ең алдымен, бедеулікті тексеру үшін және жатырішілік патологиялық процеске күдік туындаған кезде қолданылады.



Мерейтой құтты болсын!

ӨЗ ІСІНІҢ КӘСІБИ МАМАНЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ЭКО КЛИНИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ, IRM CLINIC ЖЕЛІСІНІҢ ДИРЕКТОРЫ ТАМАРА МҰФТАХҚЫЗЫ ЖҮСІБАЛИЕВА

22 НАУРЫЗДА

ӨЗІНІҢ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ТУҒАН КҮНІН АТАП ӨТТІ.



ТАМАРА МҰФТАХҚЫЗЫНЫҢ

жолы күрделі, бірақ қызыққа толы болды. 1972 жылы Алматы медициналық институтын үздік бітіріп, 32 жасында Алматы қ. Денсаулық сақтау басқармасының бас акушер-гинекологы лауазымында қызмет атқарды.

1987 жылдан бастап ҚАҰӨО жаңа мекемесіне тағайындалды, онда Тамара Мұфтахқызына Қазақстандағы бедеулік мәселелерімен айналысатын күрделі міндет жүктелді. Сөйтіп, 1995 жылы ол ҚАҰӨО негізінде елдегі алғашқы экстракорпоралды ұрықтандыру зертханасын сәтті ашады.

2005 жылы Тамара Мұфтахқызы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына Алматы қ. қалалық денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары

қызметіне ауыстырылды. Ал 2008 жылы ол Репродуктивтік медицина институтын (РМИ) басқарды, оның құрамына бүгінгі таңда Алматы, Шымкент және Астана қалаларындағы төрт филиал кіреді.

РМИ қызметіне белсенді қатысу мен сауатты басқару арқылы ЭКО бөлімшелері, емханалар, гинекология мен урологиядағы хирургиялық бөлімшелер және дипломнан кейінгі білім беру кафедрасы ашылды.

Тамара Мұфтахқызы Халықаралық отбасын жоспарлау федерациясының мүшесі болып табылады. БҰҰ-ның Қазақстандағы өкілдігімен белсенді ынтымақтастықта қызмет етіп, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының репродуктивтік денсаулық жөніндегі сарапшысы болып табылады.

Репродуктивтік медицинаны дамытуға қосқан зор үлесі үшін Тамара Мұфтахқызы көптеген марапаттарға ие болды, соның ішінде: «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Ұлттық медициналық қауымдастық атынан «Алтын Дәрігер» төсбелгісімен, БҰҰ-ның «Қазақстандағы БҰҰ мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудегі қосқан үлесі үшін» грамотасымен, «Құрмет» орденімен марапатталды.

ҚҰРМЕТТІ ТАМАРА МҰФТАХҚЫЗЫ!

ОСЫНДАЙ ЕРЕКШЕ КҮНІ РМИ ҰЖЫМЫ, ДОСТАРЫҢЫЗ БЕН ТАНЫСТАРЫҢЫЗ, СОНДАЙ-АҚ СІЗДІҢ ҚАЖЫМАС ЕҢБЕГІҢІЗДІҢ АРҚАСЫНДА ӨМІРІН АНА МЕН ӘКЕ БАҚЫТЫНА ТОЛТЫРҒАН ӘРБІР ОТБАСЫ СІЗГЕ ШЫН ЖҮРЕКТЕН МЫҚТЫ ДЕНСАУЛЫҚ, ҰЗАҚ ӘРІ ТАБЫСТЫ ҒҰМЫР, ЖАН ТЫНЫШТЫҒЫ МЕН ЖАҚСЫ КӨҢІЛ-КҮЙ ТІЛЕЙДІ.

ӘРДАЙЫМ ОСЫНДАЙ ӘДЕМІ БОЛЫП ЖҮРЕ БЕРІҢІЗ, МАҚСАТЫҢЫЗ ТАУСЫЛМАСЫН. СІЗ – ОТБАСЫ ҮШІН, ЕЛ ҮШІН, ЖЕР БЕТІНДЕГІ БЕЙБІТ ӨМІР ҮШІН ИГІ ІС ЖАСАЙТЫН МАМАНДАР АРМИЯСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫЗ.

ЖАНЫҢЫЗ КӨКТЕМДЕЙ ҚҰЛПЫРЫП ЖҮРСІН, ОТБАСЫҢЫЗ БЕН ШАҢЫРАҒЫҢЫЗДА ӘРДАЙЫМ ҮЙЛЕСІМДІК БОЛСЫН, ӨМІРІҢІЗДІҢ ӘР КҮНІ ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖӘНЕ САРҚЫЛМАС КҮШ-ЖІГЕРГЕ ТОЛЫ БОЛСЫН!

ЖАҢАЛЫҚТАР

ENDO DUBAI 2024: IRM Clinic құрметті 3-орынды алды



23–25 ақпанда
Дубайда (Біріккен Араб Әмірліктері) гинекологиялық
хирургия әлеміндегі ең ауқымды әрі аса маңызды
ғылыми оқиғалардың бірі ENDO DUBAI 2024 өтті.

ENDO DUBAI

гинекологиялық хирургияны дамытуға шынымен қызығушылық танытқандарға арналған ғылыми шара. Осы конгресс – эндометриоз саласындағы сарапшылардың аз инвазивті хирургияда тоғысқан ғылыми негізделген талқылаумен, хирургияның жоғары деңгейінде пікірталастар өткізетін кездесулерінің биік шыңы.

Конгреске қатысу үшін жазбаша және видео абстракттар конкурсы жарияланды, олардың ең үздіктері ауызша сөз сөйлеуге конференцияға шақырылуы тиіс еді.

IRM Clinic видео-баяндамасын жедел гинекология бөлімшесінің хирург-гинекологы Барманашева **Зәуреш Ертісқызы ұсынды**. Оның баяндамасының тақырыбы – «Жасөспірім қыздың жатырындағы эндометриоздық кистаның клиникалық жағдайы».

Баяндамалардың бәрі конгреске қатысушыларға толы залда әлемнің түрлі елінен келген құрметті қазылар алқасының қатысуымен ағылшын тілінде өтті.

Жақсы жаңалықпен бөлісуге қуаныштымыз – Барманашева Зәуреш Ертісқызы конкурста, әлемдегі ең ірі халықаралық конгрестердің бірінде үшінші орын алды!

Жеңімпаздарды лайықты баяндамасымен құттықтаймыз және IRM Clinic ғылымы мен бүкіл Қазақстанның игілігін дамытуда әрі қарай да үлкен жетістіктер тілейміз!

Certificate OF ACHIEVEMENT

This certificate is proudly presented to:


Zauresh Barmanasheba

Has been recognized as the **third-place winner** of the **“Video” Abstract Competition in ENDO Dubai Congress 2024.**

Your dedication, skill, and commitment have distinguished you as an outstanding participant, setting a benchmark for excellence.


Awarded on the **25th day of February 2024** at the **Hilton Al Habtoor Hotel, Dubai, UAE.**


Dr. Charles Miller
 Professor of Obstetrics & Gynecology,
 Department of Clinical Sciences,
 Rosalind Franklin University of
 Medicine and Science, North Chicago,
 IL USA


Pr. Pava Resad Pasic
 Professor of Obstetrics and
 Gynecology, the Director of the
 Fellowship in Minimally Invasive
 Gynecologic Surgery at the
 Department of Obstetrics Gynecology
 and Women's Health at the University
 of Louisville.


Pr. Ceana Nezhad
 Chair of the Department for OBGYN
 at Northside Hospital, president of
 AAGL and Society of Reproductive
 Surgeons


Dr. Keith Isaacson
 Director of Minimally Invasive
 Gynecologic Surgery and Infertility,
 Newton Wellesley Hospital and
 Associate Professor of Obstetrics and
 Gynecology, Harvard School of
 Medicine


Pr. Arnaud Wattiez
 General Chair of ENDO Dubai 2024
 Professor of OB-GYN University of
 Strasbourg, France & Head of Gynecology
 Department, Latifa Hospital Dubai, UAE

**ENDO
DUBAI**
9th EDITION



A project of

mis ACADEMY



Әсел Байжұман: «Менің айдан анық білетінім: МҮМКІН емес нәрсе жоқ!»

Дәрігерлердің қатесінен бе, әлде өмірдің солай болғанынан ба, әйтеуір, біздің кейіпкеріміздің ана болу мүмкіндігі өте аз болды. «Жатыр мойнының қатерлі ісігі» деген қорқынышты диагноз өлім жазасымен тең болды. Дәрігерлер не істерін білмей қалды, бірақ ештеңеге қарамастан ата-ана болам деген үміт, сенім мен махаббат мүмкін емес нәрсе жоқ екенін дәлелдеп берді!



НӨМІР ҚОНАҒЫ

Алматылық Арман мен Әсел 2013 жылы отбасын құрды. Бала көтеріп, босануға проблема болатындай ештеңе байқалмады: ерлі-зайыптылардың денсаулығы жақсы болды.

- Бір жыл бойы жүкті бола алмадым, алаңдай бастадым. Кейінге қалдырмай, боп қалады-ау демей, 2014 жылы Ана мен бала институтына тексерілуге бардым, – дейді Әсел. – Менде миома табылды және дәрігерлер оны алып тастау керек деген шешімге келді. Ақыр соңында бұл шешім үлкен қауіп төндірді. Операциядан кейін жарты жылдан соң УДЗ-де ісік анықталды, ал гистология нәтижесі мәз емес – аденокарцинома (жатыр мойнының қатерлі ісігі). Әсел Израильге емделуге ұшып барады, дәрігерлер оның ана болу мүмкіндігінің өте аз екенін жасырмады. Әрине, бұл жаңалық Әселдің психологиялық күйіне әсер етпей қоймады.

- Мен тіпті жолдасыммен ажырасқым келді, оның менімен азаптанбай, әке бақытын көргенін қаладым. Бірақ ол соңына дейін менімен болатынын нық айтты. Отбасы кеңесінде ештеңеге қарамастан, жүкті болуды жалғастыру шешімі қабылданды. 2016 жылы Әсел Репродуктивтік медицина институтына консультацияға жазылды.

- Осы уақытқа дейін мен ешбір дәрігерге бармадым, мені IRM Clinic-ке және Тайбағарова Жанар Борисқызына Құдайдың өзі айдағандай болды. Мен онологиядан кейін жүкті болуға тырысқан бірінші пациент болдым. Жағдай қиын болды: бірінші талпыныста жұмыртқалар бос болып шықты, екінші ретінде – тым жетілген, тек үшіншісінде ғана үш жасушаны

ала алдық. Біз үшін бұл қандай бақыт екенін білсеңіз ғой – Жанар Борисқызы, тіпті, мені құшақтап алмасы бар ма – әйтеуір, жеңіске жеттік-ау!

Осы үш жұмыртқа жасушасынан тек біреуі ұрықтанды. - Тесттен арманымдағы екі жолақты көргенде бақыттан басым айналды! Бұл сөзбен айтып жеткізуге келмейтін бір ерекше қуаныш болды. Таңертең анама келіп, әже болуға дайынсың ба? – дедім. Басыма түскен барлық қиындықтардан кейін бұл тест біз үшін жағап нәрсе болды.

Жүктілік жақсы өтті, кесар тілігінің көмегімен босандым.

- Көптен күткен қызымды кеудеме жатқызғанда өмірімдегі ең керемет, сөзбен айтып жеткізе алмайтын иіс сездім! Менің әлемім, менің адамым дүниеге келгенін түсіндім. Өмірім балалы болғанға дейін және кейін деп екіге бөлінді. Аиша Селин биыл жеті жасқа толады, қыз ерекше дарынды – сурет салғанды, ән айтқанды, билегенді ұнатады. Әсел екеуі ең жақсы әрі жақын құрбылар: олар бір-бірімен сырларымен бөлісе алады, кез келген тақырыпты талқылай алады, күліп, кез келген мәселені шеше алады.

- Мен өз бақытымыз бен қазынамыз үшін Құдайға және IRM Clinic дәрігерлерінің сиқырлы қолдарына алғыс айтудан жалықпаймын. Жанар Борисқызы Тайбағарова – өз ісінің майталманы екенін, оны қатты жақсы көретінімді айтқым келеді және бізге осындай ертегі сыйлап, арمانымызды орындауға көмектескеніне алғысым шексіз.



Балалы болғысы келетіндерге айтарым – ең бастысы – еңсеңізді түсірмеңіз. Сіздердің де балаларыңыз болады, ол тек өз уақытында және қай жолмен болмасын да келеді. Асығудың қажеті жоқ, балаңыз өзінің дүниеге келуіне бәрі дайын болғанда туады. Маған сеніңіз, бұны менен артық ешкім білмес!